



SOZAQ UNII

АУДАНЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ГАЗЕТ

sozak_uni@mail.ru

№77 (9150)

WWW.SOZAK-UNI.KZ

СЕНБІ
21 қазан, 2023 жыл

Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

25 қазан-Республика күні

Құттықтау!

Егемендігіміз еңселі, тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын!

Құрметті жерлестер!

Қадірлі аудан тұрғындары!

Баршаңызды 25 қазан Ұлттық мереке-Республика күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданды. 2009 жылы "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" заңға өзгеріс енгізіліп, Республика күні мемлекеттік мерекелер тізімінен шығарылды.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өткен жылы Ұлытауда өткен Ұлттық құрылтайда «Республика күні еліміздің мемлекеттілікке бағытталған тарихи қадамының символына айналуы тиіс» деп 25 қазанды Ұлттық мереке ретінде атап өтуді ұсынды.

Шын мәнінде қоғамдық қолдауға ие болған Республика күні еліміздің басты мерекелерінің бірі болып биыл қайта белгіленді.

Республика күні мазмұны жағынан маңызды тарихи мереке екенін атап өткеніміз жөн. Бұл мерекенің қайта жаңғыруы – Жаңа Қазақстан өкілдерінің өз тарихи бастауын мойындауы. Сондықтан осынау күн тәуелсіздік жолындағы халқымыздың тарихи еңбегінің символы болып қала береді.

Құрметті жерлестер!

Ұлттық мереке күні отбасыларыңызға амандық, мол бақыт, баянды да ұзақ ғұмыр тілейміз. Еліміз аман, аспанымыз ашық, мемлекетіміз мәңгі, егемендігіміз еңселі, тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын!

**Құрметпен,
А.САТЫБАЛДЫ,
аудан әкімінің міндетін атқарушы,
О.ЖӘМИЕВ,
аудандық мәслихат төрағасы.**



тұрақты түрде қалаған кітабын оқуға мүмкіндік алды. Сондай-ақ қандай кітап қажет екенін жазып, қалдыра алады. Кітап бұрыштары аудан, қала әкімдіктерінде де ашылған. Жылжымалы кітап пункті екі бөлімнен тұрады. Бірінші бағыт «Ашық қор» деп аталады. Ал соның жанындағы «Негізгі қор» бөлмесінде оқырманның кі-

«Фараб»-үздік кітапхана

Түркістан облыстық «Фараб» әмбебап ғылыми кітапханасы бірқатар маңызды бастаманы жүзеге асыруымен де ерекшеленіп келеді. Мысалы, өңірде «Ашық әкімдіктегі ашық кітапхана» жобасын жүзеге асырып отыр. Жоба аясында бірқатар ауданда жылжымалы кітап пункті ашылды.

«Ашық әкімдікке» өз мәселесі мен өтінішін айтуға келетіндер көп. Енді «ашық әкімдік» тек қызметтік емес, мәдени-рухани бағыттағы жұмыстарды жүргізуге де лайықталған орын болады. Бастаманы жүзеге асырған «Фараб» кітапханасының ұжымы. «Ашық әкімдікке» өтініш айтып келушілер мен сол аумақтағы тұрғындар

тап оқуы үшін жағдай жасалған. «Фараб» әмбебап ғылыми кітапханасының директоры Жанат Шардарбекованың айтуына қарағанда, облыстағы «Ашық әкімдік» кеңсесінің ішінен ашылған кітап сөресінде қазіргі таңда мыңға жуық кітап қоры жасақталған. Оның ішінде түрлі бағытта, атап айтқанда, мотивациялық, көркем әдебиет, психологиялық, тарих, дінтану тақырыбындағы кітаптар және мерзімді басылымдар бар. Сонымен қатар оқырман сұранысына қарай қажетті кітаптарды облыстық кітапханадан қысқа мерзімде жеткізу мүмкіндігі қарастырылған.

«Созақ үні»-ақпарат.

Қытай Халық Республикасына ресми сапармен барған Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Мемлекеттік кеңесінің Премьері Ли Цянмен кездесті.

Кездесу барысында Қазақстан мен Қытай арасындағы жан-жақты стратегиялық серіктестіктің жай-күйі және оны дамыту перспективасы талқыланды.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев пен ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің бұған дейінгі кездесулерінде қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыруға баса назар аударылды. Қазақстан Президенті Қытайдың қарқынды әлеуметтік-экономикалық дамуын ерекше ықыласпен бақылап отырғанын атап өтті.

«ҚХР Үкіметі әлемді тұ-



Президент:

Қазақстан Қытаймен достық, тату көршілік қарым-қатынасты ұстанады

рақсыздық жайлап тұрған қазіргі кезеңде экономиканың орнықтылығын қамтамасыз етуге қатысты маңызды мәселені тиімді шешіп отыр. Қытайдың жаһандық экономиканың орнықты дамуына қосқан елеулі үлесін жоғары бағалаймыз. Қазақстан Қытаймен достық, тату көршілік қарым-қатынасты және жан-жақты стратегиялық ынтымақтастықты нығайтуға қашанда ерекше мән береді. Қазақстан ҚХР-дың сенімді стратегиялық

серіктесі әрі тату көршісі болды келді және келешекте де солай болып қала береді. Бүгінде қазақ-қытай қатынасы қарқынды дамып жатыр. Бұған жоғары деңгейдегі белсенді саяси диалог, сондай-ақ екі ел үкіметтерінің үйлесімді жұмысы ықпал етуде. Сапарымның аясында бүгін Үкімет деңгейіндегі 9 қхжатқа, екі елдің бизнес және басқа да құрылымдарымен 20-дан астам келісімге қол қойылды. Қытайдағы Қазақстан туризмі жылы аясында виза-

сыз режимге және Транскаспий халықаралық көлік бағдарын дамытуға, сондай-ақ энергетика саласындағы өзара ықпалдастығымызға қатысты келісімдердің маңызы зор екенін атап өткім келеді», деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Қ.Тоқаев ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинмен өте табысты келіссөз жүргізіп, қазақ-қытай қатынасын одан әрі нығайту үшін нақты уағдаластық орнағанын айтты.

5

ҚАРАША
НОЯБРЯ
2023

Түркістан облысы Созақ ауданының

ӘКІМІН САЙЛАУ

ВЫБОРЫ АКИМА

Созацкого района Туркестанской области



Ауданымыздың агросекторына тың технологиялар енгізілуде

Өткен жетіде аудан әкімдігі Кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Қайырбек Мейірманов редакциямызға хабарласып, «Атамекен» шаруақожалығына барып қайтуға ұсыныс жасады. Ақыры өзім зерттеп, жазып, насихаттап жүрген сала болған соң бірден келісе кеттім. Сөйтіп, Қайырбек Сәрсенбекұлы мен осы бөлімнің бас маманы Ақберген Байбабаев үшеміз «Біресек» каналының бойын жағалап, «Атамекен» шаруақожалығына тиесілі, Керимов Нұрланның егістік жеріне қарай жолға шықтық. Біз барғанымызда Нұрлан Керимов шаруашылығының басында жүр екен. Салған жерден жуырда ғана қазылып басталған, сыйымдылығы 35 мың куб суды құрайтын үлкен су бассейніне барып көрейік деп шештік. Шынында, бассейн өте үлкен екен және әбден қазылып бо-



лыпты. Енді тек мембранасын төсеп, электр желісін жүргізсе болды екен. Мұнан шығып, манағы Нұрекең жүрген егіс алқабына бардық. Барсақ, Керимов өзіне тиесілі 181 га жерге жаңбырлатып суғару технологиясын орнаттырып жатыр екен. Көзіміз бірден егіс алқабының едәуір бөлігін алып жатқан әрқайсысы 381 метр екі құрылғы, 403 метрлік бір құрылғыны шалды. Жалпы ұзындығы 1165 метрді құрайды. Кейіпкеріміз қасында бір шебер жігіт бар екеуі осы құрылғыны құрастырып жатқан көрінеді. Сөздің шыны керек, көргендерімізден алған әсерімізді жасыра алмадық, аман-саулықтан соң ақ сауал беруге көштік. Сондағы Нұрлан Керимовтың сөздерінен ұққанымыз, ол кісі мемлекеттің ауыл шаруашылығына жасап отырған мүмкіншіліктерін пайдаланып, «BNK Group» ЖШС-мен келісімшартқа отырып, үш бірдей жаңбырлатып суғаратын құрылғыны лизингке алып жатыр екен. Бүгінге дейінгі жалпы шығыны 254 млн теңгені құраған қаржының 50 пайызын мемлекет субсидиялап беретінге ұқсайды. Құрылғының әрбірі бір мезетте 45 гектар жерді сумен қамтитын көрінеді. Әлгі, біз жоғарыда сөз еткен су бассейнінен бастап бүкіл егістік алқабын айнала су

құбырлары да қазылып қойылыпты. Біз барып тұрған жерге арнайы, көлемін 4x4 қылып, төрт бұрышты етіп цементтен бетон құйып қойыпты. Компанияның шеберінен сұрағанымызда, ол бұл бетонның арнайы қазық орнатылатынын және әлгі доңғалақты құрылғылардың осы жерден өз осімен айналып тұратынын айтты. Байқағанымыз, біраз жұмыс жасалып қойылыпты. Ендігі жерде электр бағандарын тартып, ток беретін трансформаторларды орналастырса, жаңбырлатып суғару қондырғылары пайдалануға беруге әзір секілді.

Иә, осыдан алдыңғы бір мақалаларымда Мемлекет басшысының 1 қыркүйек күнгі Қазақстан Халқына Жолдауында елімізде агросекторды дамытып, алдағы уақыттарда осы саладан түскен пайда ішкі жалпы өнімнің 70 пайызын құрауы тиіс дегенін сөз еткен едім. Сол сөзінде Президент мынадай нәрселерге арнайы тоқталған еді: Біріншісі, жалпы дүние жүзіндегідей біздің елімізде де су тапшылығы орын алып отырғанына. Сол себепті де бұдан былай жаңбырлатып және тамшылатып суару технологияларын қолға алу қажет деген еді. Екіншісі, осы агросектор саласын дамыту үшін ауыл шаруашылығы дамыған елдердің заманауи технологияларын біздің агро сектор да енгізіп, өнімділік пен тиімділікті арттыру. Міне, мынау біз сөз етіп отырған Нұрлан Керимов иелік ететін «Атамекен» ШҚ-ның бүгінгі әрекеті де соның жарқын айғағы. Жалпы, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың осы соңғы жолдауы ауыл шаруашылығы саласына үлкен серпін бергені тәр. Әрине, бұл салаға көңіл бөлуді Президент тек осы жолдауында ғана айтып бастаған жоқ. Мұнан алдыңғы жолдауында да тоқталып өткен болатын. Тіпті, қазынадан осы отандық агросекторды дамыту үшін қазынадан 1 трлн қаржы қарағанын да көзі қарақты оқырмандарымыз білсе керек-ті. Президентіміздің тағы бір тоқталғаны, кешеге Кеңес одағы ыдырағаннан кейінгі тоқырау, жаппай жекешелендіру секілді солақай саясат салдарынан ұсақталып кеткен шағын шаруашылықтарды ірілендіру, яғни, кооперативтерге біріктіру жайы болды. Айтса айтқандай-ақ, расында, бүгіндері тапқандары шығындарын әрең жауып жүрген кішігірім шаруашылықтарды ірілендіруді біздің ауданымызда да көп кешіктірмей қолға алған жөн. Себебі, бұл ірілендіру саясаты шаруаларымызға үлкен мүмкіндіктерге жол ашады. Ал енді, мына Нұрлан Керимовтың қолға алып, жолға қоғалы отырған шаруашылығы осы саясатты жүзеге асыруды әдемі баспалдағы болғалы отыр. Тек, осыған енді өзге шаруаларымыздың көздерін жеткізіп, осыған жұмылдыру баршамыздың жұмысымыз болуы тиіс!

Данияр БЕК.

САЯСИ НАУҚАНҒА ҚАТЫСТЫ ЖИЫН ӨТТІ

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында аудан әкімінің міндетін атқарушы Ақәділ Сатыбалдының төрағалығымен жиын өтті. Жиынға аудан прокурорының орынбасары, әділет кеңес-

жақты пысықталды. Аудан прокурорының орынбасары, әділет кеңесшісі Алмас Жағыппаров өз сөзінде аталған саяси науқан заң талаптарына сәйкес өту керектігін ескертті.



шісі Алмас Жағыппаров, аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Әбуәкір Сахихлы және ауыл, кент округ әкімдері мен бірқатар бөлім, мекеме басшылары қатысты. Жиынның күн тәртібіндегі мәселе 5 қараша күні өтетін Созақ ауданы әкімі сайлауын өткізу барысы жан-

Сонымен қатар, барлық сайлау учаскелерінде мүгедектігі бар адамдарға қолайлы жағдай жасау мақсатында пандустар, токтілді жолақтар, сілтеуіштер, арнайы бұрыштармен қамтамасыз етіліп, толық жағдай жасалу керектігін айтты.

«Созақ үні»-ақпарат.

Барлық базарлық балаларға

Таукет кентінде «Болашақ» бөбекжай-балабақшасының 15 жылдығына орай аталған бал мекенде керемет іс шара болып өтті. «Болашақ» бөбекжай-балабақшасы 2009 жылдың 7 қазанында 50 орынмен ашылған болатын. 2014 жылы жаңа ғимарат беріліп, қазіргі таңда балабақшада 145 бүлдіршін тәрбиеленуде. Бүлдіршіндер тәрбиеленіп жатқан бал мекеннің ішін аралап көріп

дағы 145 тәрбиеленушілерге бағалы ойыншықтар мен тәтті сыйлықтар таратып, арнайы 8 қанатты киіз үй тігіп демеушілік танытты. Айта кеткен жөн болар, аталған Қазатомөнеркәсіпке тиесілі компаниялар аядай бүлдіршіндер балабақшасына ерекше көңіл аударып, демеушілік танытқаны жиналған жұртты бір қуантып тастады. Барлық базарлық балаларға демекші, балапандар



шықтық. Айтары жоқ, ерекше проектте салынған балапандар бақшасы жап жарық, кең, жып жылы, еңселі, тап таза. Ерекше көңіл күйді көтеретін ертегілер әлемі дерсің. Балабақша меңгерушісі, білікті, іскер маман, аудандық мәслихаттың депутаты Жамиева Қарлығаш Нышанбайқызы топтардың орналасуын, жалпы балабақшаның жай күйімен таныстырып өтті. Ынтымақ бірлігі жарасқан ұйымшыл ұжым қызметкерлері айтулы іс шараға арнайы келген қонақтарды ерекше ықыласпен күтіп алды. Мерейлі іс шараны кент әкімі Маманов Серік мырза құттықтау сөз сөйлеп, ашып, балабақшаның бірқатар қызметкерлерін арнайы Алғыс хаттармен марапаттады. Іс шара барысында «КАР Logistics» ЖШС-нің ЦАПБ филиалының директоры Марат Ержанұлы балабақшадағы алты топқа компания атынан 6 бірдей үлкен плазмалы көгілдір теледидар сыйлап демеушілік жасап, сәттілік тіледі. «Қазатомпром Сауран» ЖШС-нің бас директоры Жұбанов Асқар балабақша-

сыйға тартылған ойыншықтарға мәз болып, қуаныштарын жасырмады. Аудандық білім бөлімінің кәсіподақ комитетінің атынан аудандық маслихаттың депутаты Отыншиева Рабиға Шамақызы балабақша қызметкерлерін арнайы алғыс хатпен марапаттап, естелік сый-сияпат тапсырды. Журналист, «Бақ-Нұры» іскер әйелдер қоғамдық бірлестігінің төрайымы, Майусова Нұржамал, ауданның Құрметті азаматы Нұржамал Құлжабайқызы, ауыл биі Шарафудинов Суханберді ағай құттықтау сөз сөйлеп, балабақша ұжымына мол жетістік, алдағы жұмыстарына сәттілік тіледі.

Тәрбиеленуші бүлдіршіндер ән салып, би билеп, күй тартып, мерекелік ісшараның көркін кіргізді. Алғысқа бөленген балабақша ұжымының қызметкерлері мен балапандарының бал бұл жайнаған қуанышты сәтіне күй болған ата аналар, кент тұрғындары мамыражай іс шарадан көтеріңкі көңіл күйде тарқасып жатты.

Нұржамал МАЙУСОВА.

Тәуелсіз ел тарихындағы таңдаулы күн

Тәңірдің бергеніне тәубе айтудан жаңылмаймыз. Бүгінде еліміз тәуелсіздік алғалы 32 жылды артта қалдырыпты. Осы жылдарды ой сорабына салсақ тар жол тайғақ кешуден өткен жас мемлекеттің жаңашыл қадамдарын аңғаруға болады. Тарихты түре тартып, 1991 жылы КСРО ыдыраған тұста ел тәуелсіздігін жариялаған қазақ мемлекетінің бертін келе қандай белестерді бағындырғанын тарқатайықшы. Ең әуелі 1990 жылы 25 қазанда қабылданған Қазақстанның Егемендігі туралы Декларация 1991 жылы Тәуелсіздік туын тік көтеруге сеп болғанын айта кеткеніміз абзал. Бұл арман болған тәуелсіздікке қарай жасалған алғашқы қадам болатын. Ел егемендігін алған соң, көрші мемлекеттер әсіресе, түрік халықтары Қазақстанның тәуелсіз ел болатындығына сенім білдірді. Аталған декларация қабылданғаннан кейін қазақ даласының өзіне тән шекарасы белгіленіп, қазақтың алтын бесік ата жұрты Ертіс пен Еділдің, Арқа мен Алатаудың арасы болды. Тек бұл ғана емес, декларация қабылданғаннан кейін мемлекеттік бюджет, халықаралық қатынастағы дербестік, мемлекеттік рәміздер бекітілді. Қазақстанның егемендегі мен территориясының тұтастығы саяси, құқықтық және экономикалық тұрғыдан дәйектелді. Осы кезден бастап ел ішінде біраз өзгерістер орын алды.

Қаншама қасірет көрген қазақ халқы әрине, бұл күнді көп күтті. Шетте жүрген қазақтар бір-біріне сауын айтып, тарихи отандарына қайтар сәтті асыға күтсе, жергілікті тұрғындар сүйіншілетіп, егемендікті тойлай бастады. Тойламағанда ше? Басынан Отырар ойранын, екі ғасырға созылған жоңғар шапқыншылығын, Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама, қайың сауған нәубеттерді, екі жарым ғасырдан астам дерлік орыс бодандығын көшірген қазақ елі тәуелсіздікке қуанбағанда кім қуанады? Сондықтан да жыл сайын халық Республика күнін тойлауды әдетке айналдырды. Тіпті 2001 жылы 13 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» №267 заң бойынша 25 қазан мемлекеттік мерекелер қатарына қосылды. Алайда 2009 жылдың сәуір айында жарияланған «Мерекелер туралы» Қазақстанның жаңа заңына Республика күні енген жоқ. Өйткені Республика күні мен Тәуелсіздік күні бір-біріне бәсекелес мерекелер деп танылған. Әрі саясаткерлердің пікірінше, егемендік туралы декларацияның қабылдануы Қазақстанға түпкілікті дербестік алып



бере алған жоқ. Бар болғаны тәуелсіздікке қарай жасалған қадам ғана болған-мыс. Бірақ қазақ халқының жүрегінде 25 қазан тәуелсіздік тарихындағы таңдаулы күн болып қала берді. Еліміздің егемендігін еске алғанда, бұл айтулы күнді аттап өту мүмкін емес еді. Осы құжаттың қабылдануы ұлттың санасын оятуға, азаттық алуға деген сенімнің күшеюіне себеп болды.

Әрине, қазір жоғымыз түгенделіп, өшкеніміз қайта жанып, салт-дәстүрлеріміз өзімізге оралып, толықтай тәуелсіздікке ие болған елміз. Ендігі кезекте әрқайсымыз «Мен—қазақпын» деп көк байрағымызды көтеріп тұрып, мақтанып айта алатын дәрежеге жеттік. Ұлттық мерекелердің де қатары толып, мемлекеттік рәміздеріміз, ұлттық құндылықтарымыз ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қалуда. Әрине, Республика күнін қайтару зор мәнге ие. Себебі осы күні қазақ елінің рухани құндылықтары, тәуелсіздікке дейінгі тартқан тауқыметі таразыға түсіп, көпшілікке насихатталатын болады.

Қазақ еліне қайта оралған мерекенің маңыздылығын тілге тиек етуіміз бекер емес. Ендігі жерде Қазақстан Республикасы жаһандық бәсекеде де бәсін арттыра түсуі тиіс. Ол үшін әлем елдерінің әлеуетін, тарихын, тәжірибесін білген ләзім. Мәселен, Италияда Республика күні —2000 жылғы 20 қарашада Италия Президенті қол қойған заңға сәйкес мемлекеттік мереке ретінде аталып өтеді. Бұл датаны тойлау 1946 жылғы 2 маусымда өткен референдумда қабылданған тарихи шешімдерге негізделген деген дәйек кезігеді. Ал Пәкістан Ислам Респуб-

касының күні 23 наурызға белгіленген, бұл мейрам 1940 жылы Лахор қарарының қабылдануымен тікелей байланысты. Енді қазақ халқы жиі сапарлайтын Түркия елінің тарихына зер салып көрелік. Онда 1923 жылы 29 қазанда мемлекет Конституциясына түзетулер енгізіп, ел Республика күнін жариялаған екен. Бұл оқиға Осман империясының түпкілікті ыдырауымен байланыстырылады. Яғни әлем елдері де Республика күнін тарихи оқиғалармен байланыстыра отырып белгілеген.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен мереке ел өмірінде, қазақстандықтардың өмірінде маңызды мәнге ие болды. Алғаш рет Республика күні мемлекеттік мереке болып 1995 жылы қазанда жарияланды. 25 қазан Республика күні болып кездейсоқ таңдалған жоқ. 1990 жылдың дәл осы күні Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Жоғарғы Кеңесінің №307-ХІІ жарлығымен Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылданған болатын. Декларацияда Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының егемендігі жарияланып, Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық негіздері жарияланды. Егеменді мемлекеттіліктің іргелі қағидаттары ретінде Қазақстанның жеке территориясы, азаматтығы, мемлекеттік бюджеті, халықаралық қатынастардағы дербестігі, мемлекеттік рәміздері бекітілді. Ал 2009 жылы аталған заңға өзгерістер енгізілді. Сөйтіп, 30 тамыз- Қазақстан Республикасының Конституциясы күні,

ұлттық мереке болып жария етілді. Ал Республика күні мемлекеттік мерекелер тізімінен алынып тасталды және бұл әдеттегі жұмыс күніне айналды.

2022 жылдың 16 шілдесінде Ұлттық құрылтайда Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық мереке мәртебесін Республика күніне қайтаруды ұсынды. «Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер тізбесіне бірқатар өзгеріс енгізген жөн. Мен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Сондықтан, қазанның жиырма бесі күні жыл сайын Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек. 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл еліміздің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы болатын. Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек. Әрине, Тәуелсіздік күнінің бастапқы мәні сақталады. Бұл күн мемлекеттік мереке болып қала береді. Бірақ тәуелсіздік алуға зор үлес қосқан ұлттық батырларымызға тағзым күні ретінде атап өтілуі керек», - деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Қыркүйек айының ортасында Қазақстан Республикасының парламенті «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» заңға түзетулер енгізді. Құжатқа сәйкес, Республика күні яғни 25 қазан-ұлттық мерекеге, ал Тәуелсіздік күні яғни 16 желтоқсан – мемлекеттік мерекеге айналды.

Ұлттық мереке мен мемлекеттік мерекенің айырмашылығы қандай? Республика күнін мемлекеттік мереке мәртебесіне қайтару маңызды және тарихи шешім. Осы заңға сәйкес 25 қазан-Республика күні мемлекеттік мереке болып бекітіледі. Еліміздің тәуелсіздігі шынымен де осы күннен басталады. Сондықтан бұл күнді мемлекеттік мереке ретінде бекіту мемлекеттілік пен егемендік тұрғысынан маңызды қадам болып табылады. Боллашақта бұл мереке тәуелсіздікті дәріптеп, нығайтуға септігін тигізеді сөзсіз.

Қалай десек те, 25 қазан қазақ халқы үшін-айтулы күн. Әлдекімдер бұл мерекені тәуелсіздік күнімен парапар десе де, екеуі екі түрлі мағына мен түсінік береді. 25 қазан егемендікке бастайтын алғашқы қадамдардың бірі болып есте қалса, 16 желтоқсан тәуелсіздікке қол жеткізген күн болып тарих бетінде мәңгі сақталады. Ең бастысы екі айтулы мереке де жастардың рухын өршітіп, намысын қайрап, жігерін тасытады.

Мереке құтты болсын, құрметті Қазақстандықтар!

Нұрсұлтан ҚАНАТҰЛЫ.

Балғын айтыскерлер бақ сынасты

Аудан орталығындағы А.Жұбанов атындағы Созақ саз мектебінде оқу жылы бойында көптеген іс-шаралар өткізіледі. Жақында сол өнер мектебінде өткен «Төрт тоқсан-төрт өнер» ұлттық мәдени ағарту жобасының бірінші тоқсан «Ақындар айтысы» бөлімі бойынша «Көк тудың желбірегені» тақырыбында айтыс сайысы болып өтті.

Айтыста балғын айтыскерлер сайысқа түсіп, өзара бақ сынасты. Енді ғана айтыс сахнасына шығып, өнерлерін ортаға салған оқушылардың бұл өнерге деген ерекше құлшынысын анық байқадық. Ұлттық киім киіп сахна төріне көтерілген балғын ақындар әдегеннен көрермендерді өздеріне тартып, баурап алды.



Сөз сайысына осы саз мектебінде оқып жүрген 8 оқушы қатысты. Олар жұптасқанда 4 жұп болды. Зейдинғали Гүлбибі (Сынып жетекшісі Гауһар Аубакирова), Абдулла Еркебұлан (сынып жетекшісі Мақсат Жүзбаев), бірінші

жұпта айтысса, Сейсенбаева Мөлдір (сынып жетекшісі Назерке Асқарова), Акимжан Қуаныш(сынып жетекшісі Ерғали Жүзбай) екінші жұпта, Қасым Бұлбұл (сынып жетекшісі Айида Абрахова), Манарбек Айару (сынып жетек-

шісі Айида Абрахова) үшінші жұпта, Абайқызы Баян (сынып жетекшісі Ниязбай Әбішбеков) Әбілда Назерке «Сынып жетекшісі Айымбибі Ұлықсат) төртінші жұпта айтысты. Жас ақындар бірін –бірі кезек-кезек сөзбен қамшылап, айтысты қыздырды. Әр талапкердің бойынан ерекше өнерге деген ықылас байқалып тұрды. Көп оқып, көп ізденуді қажет ететін өнерге қадам басқан жас жеткіншектерге сәттілік тіледік. Айта кетуіміз керек өнер мектебінде осы кезге дейін бес іс-шара өткізілді. «Жаңа күн-Жаңа Қазақстан» іріктеу сайысы, «Туған жерім-мақтанышым» ашық сабағы, «Тәуелсіздік-тұғырым» тәрбие сағаты, «Тілім-тұмарым» тәрбие сағаты, «Көк тудың желбірегені» ақын-

дар сайысы.

Осы шаралардың өткізілуіне директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Гауһар Аубакирова белсене тер төкті.

Иә ақындар айтысы мәреге жетіп қорытындысы шығарылды. «Жүзден жүйрік мыңнан тұлпар» дегендей жеңімпаздар да анықталды. Оларға мектеп басшылығының алғыс хаты мен бағалы сыйлықтар табыс етілді. Ақындар айтысына қатысып бақ сынаған оқушыларды сыныптастары құттықтап, игі тілектерін жеткізіп жатты.

Ақындар айтысынан кейін саз мектебінің оқушылары ән шырқап, күмбірлете күй төкті.

Сәрсенбек САЙЛАУБЕКҰЛЫ.

"Туған жер газан, ауымен бірге тірлігім..."

-деп жырлаған Тілеубек ақын мерей жаста

Ол бала жасынан өлеңді жан дүниесімен жақсы көрді. Ақындардың жазған жыр шумақтарын жаттап, санасына тоқыды.

Тілеубек Қарағұр ауыл әкімшілігіне қарасты Раң ауылында 1943 жылы 12 желтоқсанда дүниеге келді. Табиғаты көркем, әсем, көрікті елді мекенде дүниеге келген. Ол жастық шағынан әсемдікке құштар болды. Далаға, тау бөктеріне шығып, қиял әлеміне саяхат жасайтын.

1960 жылы ол Созақ қыстағындағы орта мектепті тәмамдады. Алғашында шаруашылықта еңбек етіп, тәжірибе жинақтап, Алматы зоотехникалық мал дәрігерлік институтына оқуға түсті. Әсем қалада жүріп талай өнер кештеріне қатысты. Әсіресе жазушы, ақындардың шығармашылық кештеріне қатысып, олардың әңгімелерін, өлеңдерін тыңдап, бойына күш-қуат алды. Бұл оның өлеңге деген әуестігін одан әрі ұштай түсті. Өзі де оқта-текте өлең жазып, оны ешкімге көрсетпей, туған өлеңін қайта-қайта оқып, шыңдай түсті. Жерлесі әрі туысы Бәтима Батырбекованың өлеңдерін жастығының астына қойып оқыды. -Сол кісіге қатты еліктеді. Бәтима апам сияқты ақын болсам екен деп армандайтын. Өлең кітаптарды көп оқыды. Көбісін жаттап та алды.

1969 жылы жоғарыда аталған оқу орнын бітіріп, туған жерге оралды. Көп жылдар бойы мамандығы бойынша ауыл шаруашылығы саласында еңбек етті. Малшы, шопандармен тығыз қарым-қатынаста еңбек ете жүріп, қолынан қаламын тастамай, жыр шумақтарын қағазға түсіріп қоятын. Оны аудандық «Молшылық үшін» газетіне жолдап тұратын. Аудандық газетте Тілеубектің тұсаукерсер өлеңдері жарық көрді. Одан кейін ол өлеңдерді өндірте жаза бастады. Шаруашылықтың қат-қабат жұмыстарынан қолы қалт етсе, өлең жазып отыратын. Зейнеткерлік демалысқа шыққаннан кейін шығармашылықпен айналысты.

2017 жылы «Құралайдың салқыны» деген алғашқы жыр жинағын баспадан шығарды. Одан кейін Тілеубек шабыттанып, 2019 жылы «Аққуым-ару жырларым» атты жыр кітабын оқырмандарға ұсынды. Қазір Т.Ыбырайымұлының үшінші жыр жинағы «Назқоңыр» баспасынан жарық көргелі тұр. Өлеңдері мерзімдік баспасөз беттерінде жиі жарияланып келеді. Үлгілі отбасында 1 қыз, 4 ұл тәрбиелеп өсірген. Немерелерінің сүйікті атасы.

Мемлекет және қоғам қайраткері С.Қожановтың 90 жылдық тойында бас жүлде, сондай-ақ ауданымыздың 90 жылдық мерейтойында бас жүлдені иеленді. Аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың алғыс хаттарымен марапатталған. Аудандық ардагерлер кеңесінің мүшесі, Қарағұр ауыл округі, Раң ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Енді Тілеубек Ыбырайымұлының жыр шумақтарына тоқталайық: Оның «Көркем жыр» деген өлеңі қазақтың дарынды ақын қызы Күләш Ахметоваға арналыпты:

Көне бермес бұл дарын көрінгенге,
Сөз маржаны науадан тәгілгенде.
Сүйсінесің ғажап бір сезім билеп,
Өлең шіркін қамшыдай өрілгенде.
Ой орамды сөз асыл шымыр керім,
Сәйгулік жыр алғандай ғұмыр демім.
Кестеленген жыр маржан өрнектеліп,

Ұшқыр ойдың дөп басып жұмыр жерін,-деп ақындықтың үлкен өнер екенін оның үлкен жүк көтеретіндігін осы жырында әдемі жеткізеді. Сонымен бірге ақын қыздың керемет бей-



несін ашады. Ақын қыздарға одан үлгі алуға шақырады. Өлең жазудың керемет шеберлікті қажет ететін өнер екендігін дәріптейді.

«Көңіл көктемі» өлеңінде:

Көгілдір аспан ақпейіл жандай тұр

тұмық,

Санада самсап жұлдызды жауһар

жыр тұнып.

Ол да бір ғажап жалтырап тұрған

шар айна,

Көңілің тұрсын көрікті оймен

құлпырып.

Жарқыра дүние өзіңді әлем сөз

етсін,

Мөлдір тамшыдай көңілге шіркін не

жетсін.

Періште оймен жаныңа жылу сый-

лаған,

Мейірім шуағы ғалымға аса

қажетсің,- деп көңілдің адамға ғажап

күш беретіндігін, оны әруақытта

көтеріңкі ұстаудың қажеттігін жыр

жолдарына арқау етеді. Көңілді

мөлдір тамшыға теңеуі де жүрекке

ерекше шуақ құяды. Ақын ағамыз

өлеңді өте байыппен мықты ұйқас-

тармен өреді. Сөз құдыретін өлеңмен

жеткізуге өте шебер. Жырды оқып

отырып сол өлеңнің ішіне кіріп, өзің

де ерекше сезімге бөленетінің рас.

Ақындықты шебер меңгерген Тілеу-

бек өзінің жыр жолдарын әдемі өреді.

Әсіресе буын санында, ешқандай ар-

тық жері болмайды. Бәрі әдемі қабы-

сып кеткен. Айналасы жұп-жұмыр, ар-

тық жол жоқ. Қандай керемет ақын-

дық деп оның өлең құру шеберлігіне

риза боласың. Жырларынан өзіңе ра-

хат шабыт аласың. Міне сәтті өрілген

шумақтар:

Шырайлы шақтар ысырып тастап

өкпені,

Жүректө қаулап, сәуірдің гүлі

көктемді.

Көкoraй белді көрікті ойлар

көмкеріп,

Гүл ата берсін, көңілдің кәусар

көктемі,- деп түйіндейді ақын.

Тілеубек ақынның жастар тәрби-

есіне арнаған өлеңдері де баршылық.

Мәселен «Жалындап жүрші жастар-

рым» өлеңінде:

Серпін алса жастықтың дана

шағы,

Ақ жолына тірліктің жол ашады.

Туған елдің тұғырлы ұландары,

Сендерсіңдер сенімді болашағы.

Кезі келді елім деп толғанатын,

Баптай білсең бәйгеден озған

атың.

Ел өртенің ойлапты тар кезеңде,

Сенім артып жастарға Мағжан

дайын болуға үндейді. Бұл өлең жастарға жігер береді. Патриоттық сезімге тәрбиелейді.

Ал, енді бір өлеңін туған жерге арналады. «Туған жерім тұғырым» деген өлеңінде

Ауылда тұрам, туған жер алтын

бесігім,

Аунап та тұрып, түзелген талай

көші мың.

Қымбатсың маған кіндіктің қаны

тамған жер,

Өзіңде аштым, өмірдің алтын

есігін.

Туған жер ғажап ауылмен бірге

тірлігім,

Арайлап таңы шашады шуақ нұрлы

күн.

Ажары кіріп, түтіні түзу көкке

өрлеп,

Өзгеріп өңі жаңғырып маңы тұр

бүгін.

Ағайын мына туған жерінде бақ

тапқан,

Шаруасын күйттеп төскейде ма-

лын қаптамған.

Арғымақ мінген ұйқысы сергек

ұлдары,

Қаймықпай қарсы үскірік аяз, ап-

таптан,- деп өскен өлке, туған жер

туралы жыр толғайды. Ауылдағы ты-

нымсыз тіршілікті әдемі суреттейді.

Әркімге де туған жер ыстық екендігін

ұғындырады. Өскен өлкенің ғажап та-

биғатына шақырады. Оның әрбір та-

сына дейін ыстық екендігін өлең

тілімен көркем өреді. Тауларға, бау-

ларға дейін жырға арқау етеді.

«Қырмызы қырдың самалы»

өлеңінде

Ғажап дерсің жазира өлкем керім,

Осыншалық сүйікті көркем бе едің.

Көш керуен жылжиды ағынымен,

Керіп тастап айдында желкендерін.

Шықпайды ой-санадан жылдам ес-

тен,

Туған жер тұрпатыңды жырлап

өскем.

Бойыңды қуат кернеп сергітетін,

Самалы жанға жайлы қырдан ес-

кен,-деп өскен өлкенің көркем та-

биғатын көз алдыңызға алып келеді.

Теңеулері де көңілге қонымды.

Оқыған сайын оқи бергің келеді.

Өскен жерге деген ыстық махаббат,

ынтық сезім осылай болса керекті.

Осыны Тілеубек ақын деп басады.

Шарықтатып, тым биікке көтереді.

Туған жердің көгінде қырандай

самғатады. Алыс армандарға жете-

леп, көңілдің пернесін дөп басады.

Міне ақын жүрегінің лүпілі осылай

сезіледі. Өлең оқып отырып сол

Құбылады көлбеп жатқан,

Шақырады сағым белдер.

Ұмтылады білгісі көп,

Сонау қырда не сыр барын.

Бұл даланың үлгісі көп,

Игілікке асыр бәрін.

Самал белдер, айдын көлдер.

Күнге бөлеп маң даланы.

Көңіл сергіп, жанды емдеп,

Тербетеді таң самалы,- деп сыр-

лы, жырлы өлең жолдарын өреді. Ға-

жап сезім. Лирикалық толғаныс. Жү-

рекке ерекше жылулық, нұр құяды.

Өлең өзінен өзі оқуға ынтықтырады.

Әрбір сөз жаныңды жадыратады.

Ерекше көңілге шуақ төгеді. Мөлдіре-

ген бұлақ суындай таза жыр. Ақын

тілімен жеткізілген әдемі шумақтар

тамаша тізбектелген. Көңілді сергітіп,

жанды емдеп рахат сезімге бөлеп

тұр. Қандай көркем дүние! Ақынның

толғанысынан ерекше ләззат аласың.

Қиялыңа қанат бітіреді. Бір ерекше

әуен жетегіне берілесің. Тілеубек

ақынның осы өлең жолдары керемет

ақындардың өлеңдерінде кездес-

пейтін ерекше өлең құру үлгісі бар

екендігін байқатады.

«Жарқыраған жаным» өлеңінде:

Көкірек керіп, қиял самғап, желікті

ер,

Ағайын тірақ тізгінді теже, берік

бол.

Жарқырап жанып, қиялға қанат

қаққанда,

Көңілің көркем көрікті ойға ерік бер.

Еңсесі биік еңкейе бермес ар мүсін,

Шуағын шашқан нұрлы дүние бар-

мысың.

Самалдай таңғы мейірімге толы

жүректөр,

Оңалып ойлар, шапағат нұры

шалқысын,- деп жырлайды. Таза ли-

рикалық өлең. Ақынның ішкі жан то-

лғанысы. Сезімді өлеңмен тізгіндеуі.

Қандай жарасымды. Барлық болмы-

сын, жүрек қағысын өлеңге ұштасты-

руы. Расында да ақынның ішкі

толғанысы тамаша өлеңмен үндесіп

тұр. Биікке шығуға талпынған қыран

құстай шымырлық, беріктік байқала-

ды өлеңнің құрылысынан. Әрбір ақын

жырласа осы Тілеубек ақынның жыр-

лағаны абзал. Өлеңдерінді бір артық

сөз кездеспейді. Тау суындай таза-

лығы бар әрбір өлеңінде. Бәтима

Батырбекова апасы сияқты лирикалық

өлең құрудың хас шебері. Өлеңдерді

оқып отырып әбден төселген, шың-

далған ақынды байқайсың. Тілекші

болып жүрегіңнің барлық жылуын сол

өлеңмен алғандай боласың.

Ақын қаламынан түрлі тақырып

арқау болған «Қарттары елдің қазы-

насы» өлеңін оқып көрелікші:

Сөйлеп берсе, сөз майын ағызады,

Әділдіктің ақ берен қазылары.

Сабырмен ой тастайтын ортасы-

на,

Ел төрінде қарттарым қазыналы.

Кеңейер кемел ойдың кеңересі,

Жақсылық жат болмайды өнегесі.

Аталы сөз тоқиды зердесіне,

Тізесінде отырған немересі.

Үрдіс солай жалғасар дарынды ер-

ден,

Сөзі сыйлы, жарасып, қалың елмен.

Ұлағат ұшпа бұлттай ұшып кет-

пей,

Қарттары ұрпағына тәлім берген,-

деп қазыналы қарттар жайлы тәлімді,

тәрбиелі өлең жолдарын дәріптейді.

Міне Тілеубек ақын өлеңдерінің

шымырлығы, биік е

Ақын Тілеубек Ыбырайымұлы, Түркістан облысы Созақ ауданы Қарақұр ауыл әкімшілігіне қарасты Раң ауылында 1943 жылы 12 желтоқсанда дүниеге келген. 1960 жылы Созақ қыстағындағы орта мектепті бітірген. 1969 жылы Алматы зоотехникалық малдәрігерлік институтын мал дәрігері мамандығы бойынша тәмамдаған. Көп жылдар бойы мамандығы бойынша ауыл шаруашылығы саласында еңбек етті. Зейнет демалысына шыққанан кейін шығармашылықпен айналысты. 2017 жылы «Құралайдың салқыны» деген алғашқы жыр жинағын баспадан шығарды. 2019 жылы екінші өлеңдер жинағы «Аққуым - ару жырларым» атты жыр кітабы жарық көрді. Үшінші жыр жинағы «Назқоңыр» баспасында жақын арада жарыққа шығады. Өлеңдері мерзімді баспасөз беттерінде жиі жарияланып тұрады. Үлгілі отбасында 1-қыз, 4-ұл тәрбиелеп өсірген. Немерелерінің атасы. Мемлекет және қоғам қайраткері С.Қожановтың 90-жылдық мерейтойында 1-орын, ақын Б.Батырбекованың 90-жылдық тойында бас жүлде, Созақ ауданының 90-жылдық мерейтойында бас жүлдені иеленген. Созақ ауданы әкімінің, аудандық мәслихаттың алғыс хатымен марапатталған. Аудандық ардагерлер кеңесінің мүшесі, Қарақұр ауыл округі, Раң ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы.



Асқақ ойлар ақберен алға асады,
Әуелесін жастықтың талмас әні.
Келе жатқан атадан үрдіс барда,
Ұрпақтарға ұлағат жалғасады.

Жаса! Жаса! Жас түлек жаңғырыңдар,
Елеңдетер аймақты таңғы үні бар.
Ерен еңбек айналып гүлі таңға,
Күллі әлемді осылай таң қылыңдар!
* * *

ТУҒАН ЖЕРІМ-ТҰҒЫРЫМ

Ауылда тұрам, туған жер алтын бесігім,
Аунапта тұрып, түзелген талай көші мың.
Қымбатсың маған кіндіктің қаны тамған жер,
Өзіңде алғаш өмірдің аштым есігім.

Туған жер ғажап, ауылмен бірге тірлігім,
Араппа таңы, шашады шуақ нұрлы күн.
Ажары кіріп, түтіні түзу, көкке өрлеп,
Өзгеріп өңі, жаңғырып маңы тұр бүгін.

Ағайын мынау- туған жеріңде бақ тапқан,
Шаруасын күйттеп, төскейде малын қап-
татқан.
Арғымақ мінген ұйқысы сергек ұлдары,
Қаймықпай қарсы үскірік аяз, аптаптан.

Ақын жаны шуақ-күн жазы басым...

Көркем жыр

(Қазақтың дарынды ақын қызы
Күләш Ахметоваға)

Қона бөрмес бұл дарын көрінгенге,
Сөз маржаны науадан тегілігенде.
Сүйсінесің ғажап бір сезім билеп,
Өлең шіркін қамшыдай өрілгенде.

Ой орамды, сөзі асыл, шымыр керім,
Сәйгүлік жыр алғандай ғұмыр демін.
Кестеленген жыр маржан өрнектеліп,
Ұшқыр ойдың дөп басып жұмыр жерін.

Жауқазын жыр сенімен өлкем нұрлы,
Жанарына жасырып еркем сырды.
О, дариға, ой әлем шарықтады,
Оқығанда осынау көркем жырды.

Ақын жаны шуақ күн жазы басым,
Ана жүрек ақ пейіл жасымасын.
Өлкесіне өлеңнің түрен салып,
Ала білсең жарады қазынасын.

Өлең өрнек жадында жаңғырыпты,
Ой толғатып, өлеңмен жанды ұмытты.
Сезім билеп, сананы жүрек тулап,
Жыр әлеммен жалғады таңғы үмітті.

Әдеп бар биязылық бақ ашады,
Үйлесіп пайым терең парасаты.
Құт- бөреке дарытып тұрған мынау,
Орамалың өзіңе жарасады.

Оқып тұрып, өлеңді тамсанды кім,
Ауып тұр, әсем жырға аңсар бүгін.
Жыр сүйер жүректерден орын алсын,
Жарқылдаған алтындай кәусар жырың.

Алатау асқақтатты алтын күзін,
Өлеңнің шуағымен жарқын жүзін.
Тербетті ару жырдың айдынында,
Таластың арда туған ақын қызын.
* * *

ӘН ҚАЙДА АҚБАҚАЙДАЙ ШЫРҚАП САЛҒАН

«Ат қайда Ақбақайдай шаппай желген»
Халық әні.

Сезіне біл, арайлы таңның нұрын,
Жадаулап көңілмекен бәлкім мұным.
Санамен сарапқа сап, әсер алып,
Жүректен ұғынғанда әннің сырын.

Жан азығы ол да бір ғұмыр бақыт,
Көктегі сан жұлдызды жымымдатып.
Әуелеп әсем әуен өрлегенде,
Елтисің тұла бойды шымырлатып.

Ән қайда Ақбақайдай шырқап салар,
Жүрекке жылы тиіп, жылдап қалар.
Сырлы саз сезім сырын аша түсіп,
Көңілде құйқылжыған ырғақ табар.

Кіретін даңғаза әуен түсіне кіл,
Әйтеуір ән айттым деп ісіме құр.

Бойды билеп жүректі жаулап алар,
Қазақтың әсем әнін түсіне біл.

Өзгерер әнге деген толғам әлі,
Ағайын үрдіс солай жалғанады.
Сызылтып сырбаз үнмен хас әншінің,
Жадымда жаңғырады салған әні.
* * *

КӨҢІЛ КӨКТЕМІ

Көгілдір аспан ақпейіл жандай тұр тымық,
Санада самсып жұлдызды жауһар жыр тұнып.
Ол да бір ғажап жалтырап тұрған шар айна,
Көңілің тұрсын көрікті оймен құлпырып.

Жарқыра дүние өзіңді әлем сөз етсін,
Мөлдір тамшыдай көңілге шіркін не жетсін!
Періште оймен жаныңа жылу сыйлаған,
Мейірім шуағы ғаламға аса қажетсің.

Қарау ойларды жамбасқа алып жықтың ба,
Шалағат нұрдың төріне озып шықтың да.
Жазира жарқын, даламдай дархан ақпейіл,
Көктем гүліндей көңілдің сырын ұқтың ба.

Көңілі көлдей арғымақ мінген ер көп пе,
Еңбегің елге туған жеріңе тер төкте.
Кеудені керіп, көңілдің асқақ сезімі,
Шалқысын шарлап, ғаламат ойлар жер көкте.

Шырайлы шақтар ысырып тастап өкпені,
Жүректен қаулап, сәуірдің гүлі көктемді.
Көкөрай белді көрікті ойлар көмкеріп,
Гүл ата берсін көңілдің кәусар көктемі.
* * *

ЖАЛЫНДАП ЖҮРШІ ЖАСТАРЫМ

Серпін алса, жастықтың дана шағы,
Ақ жолына тірліктің жол ашады.
Туған елдің тұғырлы ұландары,
Сендерсіңдер сенімді болашағы.

Кезі келді елім деп толғанатын,
Баптай білсең бәйгеден озған атың.
Ел ертеңін ойлапты тар кезеңде,
Сенім артып жастарға Мағжан ақын.

Жетелесе жігерді сенім алға,
Ел байлығын еселе жонып алма.
Туған жерді құлпыртып түлете біл,
Тіршіліктің тізгінін қолыңа ал да.

Игілікке әр таңы бастар бүгін,
Меже тұтпай алдағы асқан шығын.
Елім десе ер ұлдар еңсе тіктеліп,
Әлі талай жазылар дастан жырың.

Алға дейміз айтылар ұрандары,
Өр мінезді, өжет ұл қыран бәрі.
Туған жерді қорғапты ат үстінде,
Жалындаған жас өрім ұландары.

Өткізбе бос өмірді тойлап жаным,
Әр ісіңе мығым бол, ойлап бәрін.
Тарлан тірлік жасампаз болар сонда,
Орман болып жатса егер оймақтағың.

Тауыңды көзіп, шиесін теріп, бөктерде,
Қырқаға шығып, қызықтап қарап көк белде.
Жартасқа барып, отырдық талай паналап,
Алай да дүлей жауыны жауып өткенде.

Таулары асқақ, кеудесін керіп, тұр биік,
Тылысым бір дүние, жүрекке жатса сыр түйіп.
Көрініс көркем, сайыннан самал соққанда,
Селт еткен сезім, жүрекке көтер жыр құйып.

Қыратқа шық та, қыдырып қайтсаң тау асып,
Кірпияз көңіл ауылдан табар дауасын.
Тынысың кеңіп, жадырап салар жан дүниенің,
Көкірек керіп, жұтқанда самал ауасын.

Ауылда өстім, басқаша болмыс жат маған,
Ауылмен осы марқайып әркез мақтанам.
Дәстүрге берік салтына сергек қарайтын,
Тұрады жандар қазақы қалпын сақтаған.

Аспаны ашық, шұғыла шашып, шығар күн,
Туған жеріңде шыңына біткен шынарсың.
Кесектеп сөзді айтатын қартың осында,
Ауылдың сырын ауылда тұрсаң ұғарсың.

Сайында самсып долана, алмұрт, тұт деген,
Ырғалып желмен, балақтап шиө түптөген.
Ардақтап дәйім, санада сақтап жүретін,
Туған жер сенсің, қасиет тұтқан құт мекен.
* * *

ҚЫРМЫЗЫ ҚЫРДЫҢ САМАЛЫ

Өзгереді тіршілік заман бәрі,
Сырын ұғып сан ойдың бағамдады.
Ой серігіт, қырға шығып серуен құр,
Қалайды тыныштықты адам жаны.

Сана саңлақ, өзіңді шынықтыршы,
Ортаймасын ой дүние сыр ұқтыршы.
Көңіл көркем, көркіне көз тоймасын,
Әйбәт мынау әлемде күліп тұршы.

Ғажап дерсің жазира өлкем керім,
Осыншалық сүйікті көркембе едің.
Көш керуен жылжиды ағынымен,
Керіп тастап айдында желкендерін.

Шықпайды ой санадан жылдап естен,
Туған жер тұрпатыңды жырлап өскем.
Бойыңды қуат көрнеп сергітетін,
Самалы жанға жайлы қырдан ескен.

Тербетсе таң самалы қоздаған ән,
Құба белде құлпырып боз қараған.
Жадау көңіл жадырап ләззат алар,
Жусан исі аңқыған боз даладан.

Заңғар таулар тұрады тұлғаланып,
Күн шуағы төскейін нұрға малып.
Қаланың у-шуынан мезі болсаң,
Самал желін жұтып қайт қырға барып.

Қызғалдақ қырат қырда бүр жарады,
Сезімді сегітеді нұр сананы.
Жаныңды жадыратып қуат берген,
Ғажап қой саумал ауа, қыр самалы.

Қазақстанда соңғы он жыл аралығында 18-ге жуық террористік акт болғаны белгілі. Олардың үшеуі саяси идеологияларға байланысты болса, он бесі діни идеологияға қатысты болды. Қанды да қайғылы оқиғалармен Ақтөбе, Алматы, Атырау, Жамбыл мен Астанадағы жарылыстар мен қарулы қақтығыстар қатар лаңкестіктің қауіптілігінің арту мәселесі кеңінен талқылануда. Орта Азияның басқа елдерінде секілді, Қазақстанда да террорлық, деструктивті идеологияның дәнекерлері ретінде Ислами ағымдар мен ұйымдар болу-

сауатсыздықтың алдын алу мақсатында дәстүрлі бағытта білім беретін институттар, университеттер, медресе-колледждер және діни сауат ашу курстардың санын арттыру және мемлекеттік гранттарды көбейтті.

Елімізде қабылданған бұл шешімдер, сондай-ақ тұтастай алғанда, ел басшылығы жүргізіп отырған конфессиялар мен ұлттар арасындағы толеранттылықты насихаттау саясаты қоғамдағы қауіпсіздікті сақтауға ықпал етеді.

Терроризммен күрес – бұл уәкілетті федералды атқарушы органдардың барлау,

2013 жылы ел халқының белгілі бір бөлігінің радикалдануы мен Таяу Шығыстағы және Орталық Азия аймағындағы қарулы қақтығыстарға қатысу мақсатында қазақстандық жастарды экстремистік топтардың қатарына тартудың теріс үрдісі Қылмыстық кодекске, ҚР-ның 10-нан астам басқа да заңнамалық актілеріне өзгертулер енгізуге себеп болды. Дәл осы жылы терроризм мен экстремизмге қарсы 2013-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама қабылданды. Бұл бағдарламаның басты мақсаты діни экстремизм көріністе-

Жат ағыммен күресте ескеретін мәселелер

да. Радикалды исламистердің әрекеттері криминализациялану үрдісін және керісінше қарапайым қарақшылардың Исламдық сипатта радикалдануының пайда болғанын атап өткен жөн. Елдегі экстремизмнің негізгі алғышарттарын айқындайтын болсақ:

- экономикалық жағдайлар (халықтың өмір сүру деңгейінің төмендеуі, кәсіпорындардың тоқтап қалуы, жұмыссыздықтың өсуі);

- саяси жағдайлар («құқықтық саланың» жоқтығы немесе әлсіздігі);

- әлеуметтік жағдайлар (адамдарды кедейлер мен байларға бөлінуі);

- рухани негіз (қоғам мен жеке адамның рухани ыдырауы, моральдық құндылықтардың тозуы) факторларын атап өтуге болады. Ал кейбір сарапшылардың пайымдауынша әуелде экстремизм мен терроризм дүниетанымының таралу мекені түрмелер болды деп есептейді. Бұл әсіресе Батыс Қазақстанда айқын көрінеді.

Жоғарыда аталған қанды оқиғаларға тап болған ел үкіметі заңнамалық жағынан реформа жасалу қажеттілігін түсінді. «Кейбір заңнамалық актілерге экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы қаралған болатын. Жұртшылықтың, сарапшылардың талқылауына шығарылды және 24 заңнамалық актілерге өзгертулер енгізу қарастырылды. Бұл актілерде үш негізгі сәтке назар аударылды:

- радикалды сипаттағы қылмыстардың арасында қару-жарақ дүкендерін тонауға байланысты орын алғандықтан қару-жарақты бақылауды күшейту;

- терроризмге байланысты қылмыстар үшін жазаны күшейту;

- ішкі көші-қон мәселелері мен заңсыз көші-қонды тоқтату.

Осыған байланысты бұл ағымдар мен ұйымдардың қоғамдық санаға әсерін барынша азайту мақсатында елде экстремизм мен терроризмді насихаттайтын Интернет порталдардың жұмысына бақылау жасалып, заңсыз деп танылған шетелдік сайттары бұғаттау. Осы мақсатта Қазақстан басшылығы қоғамдағы діни

жедел тергеу, әскери және арнайы шараларды қолдана отырып:

- террористік әрекеттерді анықтау, алдын алу және жолын кесу;

- террористік сипаттағы қылмыстарды ашу және тергеу жұмыстарын жүзеге асыратын қызмет.

Таяу Шығыстағы оқиғалар заманауи экстремизм модернизм сатысына өніп, территория мен экономикалық дамуға және дінге қарамастан әлемнің барлық елдері үшін жаһандық деңгейде қауіпке айналғанын көрсетеді. Географиялық орналасуына байланысты Қазақстанның конфессияаралық келісіміне дәстүрлі емес діни ағымдар мен этникалық топтар арасында радикалды идеология және діни экстремизм идеяларын алып келу ең үлкен қауіп ретінде қарастырылады. Құқық қорғау органдарының дер кезінде жүргізген жұмыстарының арқасында радикалды және экстремистік деп танылған «Хизбут-Тахрир» және «Таблиғи Жамағат» пен қазіргі уақытта тыйым салынған басқа да ұйымдар мен террористік топтардың қызметіне қатысты фактілер анықталды және жолы кесілді.

Діни экстремизм мен терроризмге қарсы тұрудағы шешуші сәт ішкі уәкілетті органдардың халықаралық антитерроризммен және арнайы сараптамалық орталықтармен өзара әрекеттестігі мен ынтымақтастығы болып табылады.

Қазақстан Республикасының діни экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамалық негізі «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» ҚР-ның 2005 жылғы 18 ақпандағы Заңымен және 1999 жылғы 13 шілдедегі «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» ҚР-ның Заңымен бекітілген. ҚР-ның осы заңдары «саяси», «ұлттық», «діни экстремизм ұғымдарына нақты анықтама береді. Осылайша, «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңдағы «діни экстремизм» діни аразды немесе жеккөрушілікті, оның ішінде зорлық-зомбылыққа немесе лаңкестікке шақыруды қоздырушы, сондай-ақ қауіпсіздікке, өмірге, денсаулыққа, адамгершілікке және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына қауіп төндіретін кез-келген діни тәжірибені қолдану ретінде анықталған.

рінің алдын алу және терроризм қауіп-қатерлерінің алдын алу арқылы адамның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету болды.

Қазақстанмен қоса ТМД елдеріндегі экстремистік әрекеттің тиімді түрде жолын кесудің және қарсы іс-қимыл саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдар жүргізетін жұмысты ұйымдастырудың кешенді шаралары мен жаңа әдістері төмендегі негізгі бағыттарға ие:

- діни сауаттылықты, рухани, мәдени, адамгершілік тәрбие мен тансүйіштікті арттыру арқылы радикалды идеологиядан халықты қорғау;

- азаматтық қоғам институттарын тарта отырып, мақсатты топтар арасында мемлекеттік органдардың қызметін барынша дамыту;

- радикалды идеологияны ұстанушыларды оңалту үшін үкіметтік емес орталықтардың тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

- радикалды діни идеологияның таралу принциптерін зерделеу және лаңкестің әлеуметтік портретін жасау үшін ғылыми, қолданбалы және практикалық зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу.

Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу мәселесінде уақытылы әрекет ету және үкіметтік емес ұйымдардың, дәстүрлі діни бірлестіктер мен этномәдени орталықтардың жұмысы үлкен маңызға ие.

Қоғамда тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін билік лаңкестермен күресті күшейтуде. 2016-2017 жылдар аралығында елде экстремистердің көптеп тұтқындалуы бұның айқын дәлелі.

Қанды оқиғалардан кейін аймақтағы барлық елдерде дін саласындағы заңнама қатаңдады. Қазақстанда бұл реформалар шетелдегі соғыс қимылдарына қатысқан және содырлар мен экстремистерді жазалауға бағытталған шараларға қатысты болды. Бұл жазалау шаралары үш жылдан өмір бойына бас бостандығынан айыруға дейінгі қылмыстық жауапкершілікке тартылды.

А. ДҮЙСЕН,
Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ теолог маманы.

Қарттарым- асыл қазынам

Қарты бар елдің қазынасы бар. Ақсақалдар әрине біздің алтыннан да қымбат қазыналарымыз десек те қате айтап ағанымыз болар еді. Қарты бар үйдің қазынасы ешқашан ортаймайды нәліктен? Өйткені ақсақалы бар үйдің жөн сілтер, жол көрсетер қарты бар. Қазіргі таңда жастарымыз нәліктен бұзылып жатыр? Осы қарапайым қазыналарымыздың өзі сиреп бара жатқанының айқын бір дәлелі және де кейбір ақсақалдарға қарап тұрып жол сілтер емес жол көрсетер адам керек екенің көріп қарнын ашатын тұстары да өкінішке орай жиі кездесетіні бізге мәлім. Жөн сілтер қарттарымыз азайып бара жатыр елдің, ел болып тұрғаны осы біздің абыз қарттарымыздың арқасы. Осы кезде Мұқағали Мақатаевтың мына бір өлеңі ойға оралады;



Мен қарапайым қарттарды сүйем,
Нәліктен керім еді.

Не біледі осы жұрт не біледі,
Бабалардың баласы қариялар,
Сиреп бара жатқандай көрінеді.

Осы өлеңді оқып отырып-ақ біздің ақиық ақынымыздың өзі қарттарымыздың азайып бара жатқандығына өкінішін білдіріп отырған жайы бар.

Қарттар дегеніміздің өзі кімдер? қандай адамдарды қарттар дей аламыз? Қарттар дегеніміз артынан жас ұрпақты ілестіре алатын, тәлім-тәрбие бола алатын, жол көрсететін, ұрпағым деп қайғыратын адамзатты айта аламыз. Біз ойлаймыз мынадай жастан асса болды ақсақал деп, ақсақалдың да ақсақалы болатының біз түсінудің керек. Аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығатын адамдарды біз қалай ақсақал дей аламыз? Әрине ондай кісілерді ақсақал деуге келмейтіні белгілі. Ақсақал біздің Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билеріміз секілді елді бір ауыз сөзімен тоқтатын жандар тобатыры.

Қарттар-біздің әрқашан асыл қазынамыз. Ал даналықтың алтын кілті біздің ата-бабамыз.

Бұл ата жолын жалғап келе жатқан ақсақал аталарымыз бен ақ жаулықты әжелеріміз. Ата-әжесі бар үйдің балалары да өзгеден ерек, ортасындағы ерекшелігі қариялардың ыстық алақынынан дәм татып, жаухар сөздерін, саналарына сіңіріп өскендігі білінеді. Ата дәстүр салтымыздан таймай, ескі ғұрыптармен немерелерін, нағыз қазақтың салтын сақтар бабалардың, жолыменен жүретін өр рухты, қазақты тәрбиелеп өсіреді. Сондықтанда байқайтын болсақ қарттары бар үйдің қазақтылығы иісі сіңіп тұратыны.

Қазіргі заманда техниканың дамыған заманы, ақпараттың толыстамай тұрған заманы. Осы біз күн өткен сайын білімдіміз, өркендетті елміз деп жатамыз. Қарапайым қарттарымызды қартайған шағында қарттар үйіне тоғта саламыз. Қане біздің қазақилық, білімділік, ақша, мансап, байлық. Оның бәрінің болғанынан не пайда, артында алтын қазыналарың болмаған соң. Ол алтын қазыналарыңды өз еркінмен жоқ қылған соң. Ата-анасымен бір дастархан басында, ойнап күліп, әңгіме-дүкен құрып, ақылын тыңдамағаннан соң, осы күнге дейін әлпештеп, аялап, қаншама еңбекпен жеткізгенде, еш шімірікпестен апарып тапсыра салады. Не деген қайырымсыз ұрпақтар болып жатырмыз десеңші.

Қариялар әрқашанда қоғамның ең мықты қозғаушы күші. Қарияларымыздан әңгіме, өсиеттерің тыңдап өссек жаман болмаймыз. Қариялар қоғамның дертімен күресіп келеді. Жас ұрпақ артқа емес алға қарай қадам басуы керек. Қазақилықтың жұрнағы болып келе жатқан, біздің ақ сақалды аталарымыз бен әжелеріміз қазақтың кім екенің ұмыттырмайтыны белгілі жайт. Қариялар осы сөздің өзі қандай керемет естіледі. Қарияларымыз жас-ұрпаққа үлгі-өнеге болып қазақ кім деген ұғымды қалыптастырмай, азайып қалған қарияларымызбен көп сұхбаттар жүргізіп, біздің ата-бабамыз туралы көп білуге тырыссақ нұр үстіне нұр болары хақ. Қарапайым қарттарымыз сіздерді жас ұрпақ жақсы көреді, үлгі алуға тырысады, сіздер жүрген жолмен жүргісі келеді. Сол үшін Ақ самайлы ақсақалдарым, сіздердің қателесуге хақыларыңыз жоқ деп білеміз. Ақсақалды қарттарым, тек қана, жас ұрпақтың жанында жадырап жайнап аман-есен жүріңіздер. Сөзімнің соның мына кішігірім шумақтармен аяқтағанды жер көріп отырмын;

Ақсақалды қарттарым-ау қарттарым,
Сендерсіңдер қазыналарым әр таңның.
Қазақилық сақталады сендермен,
Жүрген жолмен жүреміз біз әр талдың.
Қарттарым-ау өмір жолын нұсқаған,
Тәлім-тәрбие аламыз біз ізгі арман.
Қарттар күні құтты болсын сақалдым,
Аман жүрсін әрбір қартым ізгі арман.
Қарттарым ау қарапайым қарттарым...

Еркебұлан ДАЙРАБАЙ,
газет тілшісі.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Таукентский филиал ТОО «Уранэнерго» в соответствии с п.5 ст. 25 Закона РК «О естественных монополиях» проводит публичное слушание по обсуждению проекта тарифов и тарифных смет на регулируемые услуги водоснабжения и водоотведения на 2024 год.

Публичное слушание состоится 22 ноября 2023 года в 10:00 часов.

Адрес: Туркестанская область, Созакский район, поселок Таукент.

АУП Таукентского филиала ТОО «Уранэнерго».

Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп Кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын ауылдық округі әкімі аппаратының қызметкерлері бұзған жағдайда 4-724, 8700-467-93-72, 4-727, 8700-467-93-75 сенім телефондарына хабарласуларыңызға болады.

«Созак ауданының Құмкент ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Жемқорлықтың жолын кесу-азаматтық парыз

«Коррупция» термині латын тілінің «corruptere» деген сөзінен шығып, мағынасы жағынан «мемлекет организмін, қоғамдық қарым-қатынастарды бұзу» дегенді білдіреді, «параға сатып алу» терминімен сәйкес, яғни лауазымды тұлғаның өз билігі өкілеттігі мен сеніп тапсырылған қызығын заңға және моральдық нормаларға қайшы келетін өтірік айту, бопсалаушылық, сөзбұйда жасау жолдарымен жеке бас пайдасы үшін пайдалану. Сыбайлас жемқорлық – бұл мемлекеттік билікті жеке бас пайдасы үшін, үшінші бір тұлғалар мен топтардың мақсаты үшін асыра пайдалану. Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас жемқорлық – бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Сыбайлас жемқорлықты білдіретін белгілердің бірі пара алу не беру болып табылады.

Пара дегеніміз не? Бұл лауазымды тұлғаның басқа бір тұлғадан лауазымына қатысты көрсететін қандай да бір қызмет түріне берілетін ақша немесе өзге игіліктерді алуы. Сыбайлас жемқорлық-жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың және оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өкілеттіліктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаға мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалану, игіліктер мен артықшылықтар беру арқылы параға сатып алу болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ісқимыл-субектінің өз өкілеттіліктері шегінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық қылық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық қылық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп тексеру, және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі. Сыбайлас жемқорлық қылық бұзушылық - бұл үшін заңда әкімшілік және қылмыстық жауаптылық белгіленген сыбайлас жемқорлық белгілері бар қылыққа қайшы әрекет не әрекетсіздік. Барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз қызыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті.

**Наргиза ТАЖИБАЕВА,
аудандық ХҚКО маманы.**

Жұмақ болсын соңғы тұрақ мекенің...



Жуантөбе ауылының тұрғыны, асыл әке, қимас бауыр, ауыл-аймаққа қадірлі жан, немерелерінің сүйікті атасы болған **Жайлаубай Анас Тыныштықбайұлы** әкеміздің дүниеден өткеніне жылдың жүзі болып қалды. Асыл әкеміздің жарқын бейнесін сағынышпен еске аламыз.

**Орыны бар, ұрпағы бар жоғалмайды,
Әкеміз енді қайтып оралмайды.
Қызы бар, Ұлы бар шүкір дейміз,
Дегенмен дәл өзіңдей бола алмайды.**

**Жыл толды жүзіңді көрмегелі,
Жадырап жанымызда жүрмегелі.
Жан әке, орның бөлек бұл өмірде,**

Ақылыңмен бізге бағыт бермегелі, - деп, асыл әкеміз Анас Тыныштықбайұлының рухына бағыштап жылдың асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

Ас – 4 қараша күні (3 қараша – қонақ асы сағат 18:00-де) Жуантөбе ауылындағы өз шаңырағында сағат 10:00-де беріледі.

**Асқа шақырушылар:
бауырлары мен ұл-қыздары.**

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Мангышлак-Мунай» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабына сәйкес 2023 жылғы 28 қараша сағат 12:00 де Түркістаноблысы, Созак ауданы, Қыземшек ауылы, Мәдениет үйінің ғимараты мекен-жайында «2025-2034 жылдарға арналған «Мангышлак-Мунай» ЖШС жол бойындағы газ кен орнының көздерінен ластаушы заттардың рұқсат етілген шығарындылары эмиссияларының нормативтерінің жобасы, 2025-2034 жылдарға арналған қалдықтарды басқару бағдарламасы, 2025-2034 жылдарға арналған қоршаған ортаға күкіртті ашық түрде орналастыру нормативтерінің жобасы, 2025-2034 жылдарға арналған өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы қоршаған ортаны қорғау жөніндегі 2025-2034 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары» жағдайына жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталында <https://ecportal.kz/Public/PubHearings>, сондай-ақ ЖАО Түркістаноблысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru> танысуға болады.

Барлық ескертулер және (немесе) ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ a.shymabekova@ontustik.gov.kz поштасына қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме:

<https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Қосымша ақпаратты мына эл. мекен жай бойынша алуға болады: aliya_pt@mail.ru және телефон 8(7132)90 55 66. Жоба тапсырушы «Мангышлак-мұнай» ЖШС, БСН 031040006125, телефон +77051376286 - Кужумов С.Жобаны әзірлеуші: «Алия и Ко» ЖШС, БСН 070540000971, телефон +77014114375–Баудиярова Г.К

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Мангышлак-Мунай» в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК сообщает, что 28ноября 2023 года, в 12:00 по адресу: Туркестанская область, Сузакский район, Кыземшекская п.а., п.Кыземшек, Дом Культуры состоятся общественные слушания по проекту «Проект нормативов эмиссий допустимых выбросов загрязняющих веществ от источников газового месторождения Придорожное ТОО «Мангышлак-Мунай» на 2025-2034 г.г., Программа управления отходами на 2025-2034г.г., проект нормативов размещения серы в окружающей среде в открытом виде на 2025-2034г.г., Программа производственного экологического контроля на 2025-2034г.г., План мероприятий по охране окружающей среды на 2025-2034г.г.»

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на едином экологическом портале <https://ecportal.kz/Public/PubHearings>, а так же на официальном интернет-ресурсе МИО: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области»: <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru>.

Все замечания и предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на едином экологическом портале, а так же на эл. адрес: a.shymabekova@ontustik.gov.kz

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера общественные слушания проводятся в онлайн - режиме. Активная ссылка провидимых общественных слушаний <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Дополнительную информацию можно получить по эл. адресу: aliya_pt@mail.ru по телефону 8(7132)90 55 66.Инициатор, наемный деятельности Заказчик: ТОО «Мангышлак-Мунай». БИН 031040006125, телефон +77051376286 - Кужумов С. Разработчик проекта: ТОО «Алия и Ко», БИН 070540000971, телефон +77014114375–Баудиярова Г.К.

Әскер – өмір мектебі. Расында, темірдей тәртіпті талап ететін әскер бозбаланы үлкен өмірге өз тәрбиелейді. Десек те бүгінгі қоғамда өз қалауымен әскерге сұранып барушылар қатары біршама сиреген. Әсіресе бұл жағдай жоғары және арнаулы оқу орындарын бітірген жастардың арасында белең алып тұрғанға ұқсайды. 365 күн үйден әскерге жырақтайтын жастардың статистикасы құлдыраған сәттен бастап Қорғаныс істері министрлігі көктемгі науқанға нықтап кіріскен сыңайлы. Алдын ала статистиканы сабақтай түссек, биыл көктемде 19-27 жас аралығындағы 17 мыңға жуық азамат әскерге

бөлімдерге бөлінетін болады. Дегенмен баланың өзі Отанға қызмет ететін деп құлшынып тұрса, денсаулығына байланысты шектеу қойылғанмен әскерге қызмет етуге кедергісін келтірмейтін көрінеді. Көктемгі шақыруға аймақ жастары қаншалықты дайын? Осы сауал төңірегінде қала тұрғындарына блиц сауалнама жүргізіп көрген едік. – Жүз пайыз дайын деп айта алмаймын. Бізде жастарға рух беретін үгіт-насихат жұмыстары кемшін. Менің ойымша, 60 пайыз әлі дайын емес. Мектепте алғашқы әскери даярлық сабағы, тағы басқа да шаралар өтіп жатады. Ашығын айтсақ, мектепте біз тек

Азаматтық қорғау органдарына-әскерге шақыру

шақырылады. Олардың 6500-ден астамы Қарулы Күштердің бөлімдері мен бөлімшелерінде қызмет етеді деп күтілуде. Қазір жер-жерде Қорғаныс істері жөніндегі департамент басқармалар мен бөлімдерде зерделеу жұмыстарын жүргізуде. Министрліктегі жауапты мамандардың айтуынша, зерделеу сауалнама арқылы жүреді екен, яғни сауалнама нәтижесіне орай мамандар азаматпен және оның ата-анасымен әңгімелеседі. Зерделеу барысында жастардың мамандығы, моральдық және іскерлік қасиеті, денсаулық жағдайы, дене бітімі, жалпы білімі, арнайы дайындығы, отбасы жағдайы жөніндегі мәлімет нақтыланады. Әскер алдындағы тексерісте «көз ауруы бірінші орынға шықты» дейді мамандар. Жастардың арасында соңғы жылдарда көздің нашар көруі жиілеп барады. Оның себебі, бала кезінен бастап компьютер, смартфонмен тым әуестенуінен болса керек. Майтабан жастардың қатары қалың. Салмақ жетіспеушілік, бел омыртқасының қисық бітуі секілді аурулар да жиі кездеседі. Сол себепті әскер қатарына ілінбей жатқандар көп. 3 күн мерзімде медициналық комиссияның бақылауынан өтетін болашақ сарбаздар тиісті әскери

саппен жүруді ғана үйрендік. Негізінде тек мектепте ғана емес, білім ордаларының барлығында әскери дайындық жағын талдап айттып, қару-жарақ, қажетті құрал-жабдықтарды теория жүзінде ғана емес, іс жүзінде қалай қолданудың әдіс-тәсілдерін көрсетіп, бағыттап, жастар қай жағынан шыңдалуы қажеттігі туралы ақпараттармен толық қамтамасыз етілсе, әскерге барғысы келетіндердің қатары әлдеқайда көп болар еді. Сенатор осыған байланысты еліміздің Қорғаныс министрінен азаматтық жоғары оқу орындарындағы әскери кафедралардың құрамы мен құрылымын оңтайландыруда әскери доктринаны іске асыру туралы хабардар етуді, халықаралық тәжірибені зерделей отырып, жоғары оқу орындарында әскери даярлық жүйесін жетілдіру мүмкіндігіне талдау жасауды сұрады. Бұл мәселені шешудің нақты механизмі іспеттес.

**Мағжан ӨСКЕН,
Созак ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері,
азаматтық қорғау лейтенанты,
С.СЕЙДАХМЕТОВ,
Бөлім бастығының м.у.а азаматтық қорғау аға лейтенанты.**

24 қазан - кітапханашылар күні

Ақмаралдың асулары

Адамзаттың өркендеуінің ең ұлы туындысы кітап болса, кез-келген елдің мәдениетінің, білімі мен ғылымының айнасы - кітапхана. Өркениет керуенінде ғасырдан ғасырға көш бастап келе жатқан кітапханалар бұл күндері нағыз жаңалықтың жаршысы, парасаттың ордасына айналған. Қилы кезеңді басынан өткерген қарапайым кітапханашылардың адал да табанды қызметінің арқасында кітапханаға деген қоғамның көзқарасы түбегейлі өзгерді. Көрген түстей болып, келмеске кеткен кезеңде кітапханаларды қысқарту, жою сынды асыра сілтеушіліктерден де мойымай өткен кітапханашылар бүгін мәдениет саласының флааманы десек, артық айтқанымыз емес. Кітапханада алуан бөлімдер бар. Соның бірі және бірегейі - «Құжаттарды өңдеу және жинақтау» бөлімі.

Бұл бөлім ел алдына шыға бермейді, сырт көзге елене бермейді, бірақ кітап, газет-журнал деген асыл қазыналарды шашауын шығармай есепке алып, жаңа кітаптармен, басылымдармен дер кезінде толықтырып, кітапханалық қордың оқырманға қалыпты қызмет көрсетуін қамтамасыз етеді.

Бүгінгі кейіпкеріміз, «Қазақстанның құрметті кітапханашысы» төсбелгісінің иегері Ақмарал Шабақова Созақ аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің «Құжаттарды өңдеу және жинақтау» бөлімінде редактор қызметінде ұзақ жылдар жемісті еңбек етіп келеді.

Өзіне тиісті қызметінің қыр-сырын жете меңгерген білікті маман Ақмаралдың еңбек жолы кітапханамен біте қайнасқан. 1990 жылы Жетісай мәдени-ағарту училищесін бітіріп, түрлі салада еңбек ете келе, 1994 жылы Созақ аудандық балалар кітапханасына кітапханашы қызметіне қабылданады. Міне, содан бері 30 жылға жуық қиындығы мен қызығы қатар кітапханашы қызметінде тер төгуде. Аудандық балалар кітапханасында кітапханашы, әдіскер кезінде балаларды кітап оқу мәдениетіне тәрбиелеуге, олардың қызығушылығын арттыруға, талғамына, таңдауына, қажетті тақырыптарын тауып беруге, әдебиеттерді іріктеуге көмек көрсету, оқуға деген көзқарасын ояту бағыттарында алуан іс-шараларды атқарып, жаңашыл, талапшыл маман боп қалыптасты. М.Әуезов атындағы ОКМУ де «кітапханашы - библиограф» мамандығы бойынша білімін жалғастырып, жоғары білім де алды. 2009 жылдан бері «Құжаттарды өңдеу және жинақтау» бөлімінде редактор қызметінде өзің жаңа қырынан танытып, кәсібилігін шындай түсітіп. Сағатпен санаспай құдды техника сынды тынбайтын бұл бөлімнің жұмысы ауыр. Оқырмандарды жаңа кітаппен дер кезінде қамтамасыз ету үшін қысы-жазы облыстан кітап жеткізу, оны электронды түрде өңдеу, есепке алу, орталық кітапхана мен ауылдық кітапханаларға сұраныстарына орай бөліп беру... Осының бәрі тиянақтылық пен біліктілікті талап етеді. Бөлімшенің іскер басшысы Айтбала Қыстаубаева, кітапханашы Қаламқас Арап-



біреуі бірге жұмысты көзін таба ұйымдастырып, облыста өз салалары бойынша жақсы баға алып келеді.

Тынымсыз еңбектің жемісі де айтарлықтай. Аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың, «Аманат» партиясының аудандық филиалының Алғыс хаттарымен, «Қазақстан салалық спорт, туризм, мәдениет және ақпарат қызметкерлерінің кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің Түркістан облыстық филиалының Алғыс Хаты, аудандық мәдениет бөлімінің Алғыс хаттарымен марапатталған. «Қазақстанның құрметті кітапханашысы» төсбелгісі ерен еңбектің биік бағамы. Жұмыс барысында жаңа әдістерді еңгізіп, тәжірибесі аудан көлемінде таратылып келеді. Кітаптың берері мол білген жанға», «Кітап жайлы сіз білмейтін деректер», Кітап, Тарих, Шежіре» атты ұсыныстық құралдары, бүктемелер, парақшалары оқырмандарға ұсынылуда. Бұл білікті маманның алуан тірлігінің бір парасы ғана.

Іскер кітапханашы Ақмаралдың отбасы да тап-тұйнақтай тірлігімен ауыл-аймақтың алғысына бөленген. Жолдасы Ерғали Халық банкте қарапайым еңбек иесі. Ұлы ұяны өрлеткен, қызы қияны өрістеткен, немере сүйген бақытты ата-әжелер. Қыздары Гүлмерей медбике болса, Гүлсезім жоғары білімді дәрігер. Аида М.Әуезов атындағы ОКМУ де магистрант, ұлы Ернұр Абай атындағы университетте 4 курс студенті. Ақмарал тұрмысқа шыққанында Ерғалидың әкесі Мәлікайдаров Омарбай жұбайы Пернекул ертеректе қайтып, шиттей балаларды бағып-қағып отыр еді. Ақмарал келе сала жабырқаулы отбасыны ұршықтай үйіріп, жаңдарына жылу құйып, жоқ-жітігін білдірмей, атасының қас-қабағына қарап күтті. Елгезек те адал келін ауыл-аймақ, туған-туыстың алғысына бөленді.

Ақмаралдың ата-анасы да еңбегімен елге танылған жандар. Әкесі Шабақов Нұрболат мәдениет саласының майталманы, ауыл клубының меңгерушісі қызметінде елге қызмет жасаған өнер адамы еді, анасы Ишанбекова Азиза ардагер медбике.

Иә, еңбектен бақытын тапқан, отбасы берекелі кітапханашымыздың әлі де алар асулары алда. Дүйім оқырманға сапалы қызметімен, кәсіби біліктілігімен танылған кітапханашылардың еңбегі ұшан-теңіз. Олар білім, ғылым, өнер мен мәдениеттің дамуына өлшеусіз үлес қосып, өркениетті елге айналуымыздың негізін қалауда. Ақмаралдың абыройлы еңбегін атай келе, күллі кітапханашы қауымын меншікті мерекелері-кітапханашылар күнімен құттықтаймыз. Инемен құдық қазғандай еңбектеріңіздің жемісі мол болсын дейміз.

Г.ӨМІРБЕК,

Қазақстан Жазушылар және Журналистер Одақтарының мүшесі, кітапхана ардагері.

Созақ ауданына-95 жыл

Ұзақ жылдар өндіріс саласында еңбек еткен Ерғали Маханов зейнеткерлік демалысқа шыққанан кейін үйде бос қарап жатқан жоқ, үйдегі шаруамен, спортпен айналысып жүр. Тұрғын үйінің маңы таптаза, айнадай жарқырап тұр. Таңертеңгісін қызметке бара жатып байқаймын ол ертемен тұрып алып үйінің көше жақ бетін сыпырып жүреді.

Ерекең: -Аула да, үйдің маңы да таза болғаны жақсы. Әрбір ауыл тұрғыны таза-таза, айнадай жарқырап тұр. Таңертеңгісін қызметке бара жатып байқаймын ол ертемен тұрып алып үйінің көше жақ бетін сыпырып жүреді.



Спортты серік еткен

темен ерте тұрып аламын да әуелі ауланы, сосын көше жақ бетті сыпырып шығамын.

Зейнетке шыққаным екі-үш жылдың көлемі болды. Үйде қарап отырғаным жоқ. Ертеңгісін немерелерімді мектепке, балабақшаға апарамын. Одан түске қарай немерелерімді мектептен, кешке екіншісін балабақшадан алып қайтамын. Зейнетке шыққасын шаруа көбейіп кетеді екен. Ағайын-туыстың жиын-тойына барасың. Қазір той дегенің көп-ақ. Өмірлік серігім Озғанбаева Рая да зейнеткерлік демалысқа шыққан. Көп жылдар кітапханашы болып қызмет жасады.

Қазір екеуімізде бейнеттің зейнетін көріп, немерелеріміздің шаттығына бөленіп отырмыз. Солардың тәтті қылықтары

Күнделікті бос уақытында аудан орталығындағы «Белсенді ұзақ өмір және тең қоғам орталығына» жиі табан тірейді. Осында келіп шахмат, дойбы, бильярд ойнап спортпен айналысады. Көркем әдебиеттер алып оқиды.

Жақында Ерғали Маханов қарттар күні қарсаңында ауданымыздың 95 жылдығына орай өткен 70 жасқа дейінгі қариялар арасында өткен турнирде жүлделі бірінші орынды жеңіп алды. Жарыстың жүлдегері ретінде облысқа барып жарыстың осы түрінен ойынға қатысқан ол 28 ойыншының ішінде 4 орынды иеленіп, жүлделі орынды қанжығасына байлады. Сөйтіп облыста аудан намысын қорғап қайтты.

Спортты серік еткен ағамыз алдағы уақытта да спорттық ой-



біздің көңілімізді көкке көтереді.

Ендігі жерде соларға тәлім-тәрбие беріп, жақсы жолға салып отыру-біздің басты мақсатымыз деп есептейміз,-деді аға ағынан жарылып.

Иә, Ерғали ағамыз Ұлы Отан соғысының ардагері, батыр барлаушы Пәрімбек Махановтың ұлы. Өнегелі отбасында тәрбие алған ағамыз өзінің бойындағы ізгілік нұрын ұрпақтарының бойына дарытып келеді.

ындарға қатысып, бақ сынауды мақсат етіп жүр.

«Әдемі қартай білу де өнер» дегендей зейнеткер Ерғали ағамыз жастар үлгі алатындай өмір өрнегін сабақтап келеді.

Ұзақ жасауды нәсіп етіп, ғиыраты мол қария қатарында жүре беріңіз деген тілек арнадық біз де.

Сәрсенбек САЙЛАУБЕКҰЛЫ.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы:

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады

Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3500 дана

Кезекші редактор:

Н.Шертаев